

PLITONIT

КӘСІПҚОЙ БОЛУ ОҢАЙ



PLITONIT СуперКонтакт – күрделі және тегіс сіңірмейтін негіздерді дайындауға арналған толтырғышы бар адгезиялық праймер



Өнім сылау, қаптау және еденді төсеу жұмыстарының алдында толығымен сіңірмейтін тегіс негіздерді алдын ала өңдеуге арналған: ескі тақташалар, боялған беттер, мозаика және тас едендер, шыны тақташалар. Сондай-ақ суды аз сіңіретін негіздерді грунттау үшін қолайлы: монолитті бетон, еден тақталары және т.б. Өнімнің бірегей формуласы су, сілтілер, тұздар, УС, тот және т.б. әсерлеріне төзімділігі жоғары астарланған бетке жабын жасауға мүмкіндік береді. Ол жоғары жабу қабілетіне ие, үстіне жағылған жабынның адгезиясын 100% жақсартуды қамтамасыз етеді. Өнім сақтауда тұрақты, қабаттанбайды және биологиялық зақымданудан жоғары қорғанысқа ие.

Қаптама – 1,5 кг, 4,5 кг пластик шелектері.

- Қолдануға дайын
- Қабырғаларды сылау немесе қаптау алдында сіңірмейтін жабынмен грунттау
- Жаққышпен немесе великпен оңай жағылады
- Адгезияны 100% жақсартуды қамтамасыз етеді

Материалды тұтыну шығысы

250 г/м².

Жұмысты жүргізу шарттары

Жұмыс кезінде және келесі 3 тәулік ішінде ауаның және негіздің температурасы +5 °С-тан төмен емес және + 30 °С-тан жоғары болмауы керек.

Негізді дайындау

Грунттау алдында беткі қабатты шаңнан, кірден, майдан, қабыршақтанатын элементтерден тазалау керек.

Жұмыс тәртібі

Астарды дайындалған бетке жаққышпен немесе великпен жағу керек. Кебу уақыты – шамамен 3 сағат.

Назар аударыңыз

Қолдану алдында астарды мұқият араластыру қажет. Құрал-саймандарды және ыдыстарды қолданғаннан кейін бірден жуу керек. Көрсетілген сипаттамалар қоршаған ортаның температурасы 20±2°С, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 60±10% болғанда жарамды.

Жұмыстарды орындау кезінде сіз жалпы құрылыс жұмыстарын жүргізу нұсқауларын және құрылыстағы қауіпсіздік шараларын басшылыққа алуыңыз керек.

Сақтық шаралары

Жұмыстарды орындағанда қолқап қолданған жөн. Дисперсияны тері мен көзге тигізбеңіз Көзге тиген жағдайда дереу көп мөлшерде сумен шайыңыз!

Тасымалдау және сақтау шарттары

Тығыз жабылған ыдыста -40 °С-тан +40 °С-қа дейінгі температурада сақтау; тікелей күн сәулесінен қорғау. -40 °С температурада 5 мұздату цикліне рұқсат етіледі, жібітуден кейін өзінің қасиеттерін сақтайды. Мәжбүрлеп қыздырмай, толығымен ерігенше бөлме температурасында жібітіңіз. Ерітуден кейін праймерді қолданар алдында мұқият араластыру керек. Ашылмаған ыдыста сақтау мерзімі шығарылған күннен бастап 12 ай. Өндірілген күнін қаптамадан қараңыз.

Құрамы

Синтетикалық полимерлердің және минералды толтырғыштардың сулы дисперсиясы .

Өндірушінің кепілдігі

Өндіруші тұтынушы тасымалдау, сақтау шарттарын және осы нұсқаулықтың нұсқауларын орындаған жағдайда мастиканың ТУ 2241-001-51552155-2013 талаптарына сәйкестігіне кепілдік береді. Өндіруші материалмен жұмыс технологиясын сақтамағаны үшін жауапты емес, сондай-ақ оны осы нұсқаулықта көзделмеген мақсаттар мен шарттарда пайдалану үшін жауапты емес.

1,5 кг шелек үшін логистикалық ақпарат

Жеке штрих-код 4607013042759

Топтық штрих-код 14607013042756 Қораптағы шелек саны – 12 д.

Паллеттегі шелек саны – 288 д.

4,5 кг шелек үшін логистикалық ақпарат

Жеке штрих-код 4607013042766

Паллеттегі қаптар саны – 96 д.